

28.02.2025 ж № C00045

Мамандықтың бәрі жақсы

БУЙЕНБАЕВА ХАБИЗАТ БЕЙБИТХАНОВА

Шымкент қаласы. Атамекен бөбекжай бақшасының

Ортаңғы «Балдырған» тобының тәрбиешісі

Білім беру саласы: Қатынас . Таным

Білім бөлімі: Сөйлеуді дамыту . Драма

Мақсаты: Балалардың әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру.

Сюжетті-рөлді ойындарды пайдалану арқылы әр мамандықтың қыр – сырын ашу. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекілігі: Слайд, құм сағат, кюизенердің түрлі түсті есептеу таяқшалары, мамандардың қажетті құрал жабдықтары мен мамандар киімдері, үлестірмелі дидактикалық материалдар.

Әдіс – тәсілі: Слайд көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, педагогтың жетекшілігімен жүргізілген ойын, құрылымдалған ойын, ыстық кеспе әдісі, бағдаршам әдісі.

Барысы: Жылулық шеңбері: «Тілек шары» деп аталады. (Бір – біріне шарды ұсынып беру арқылы бір – біріне жақсы тілектерін айтады)

- Әр күнің ашық болсын!
- Саған денсаулық тілеймін!
- Аспанымыз ашық болсын!
- Ата- анамыз аман болсын!
- Балабақшамыз көркейе берсін!
- Деніміз сау болсын!
- Балалар қараңдаршы сендердің қолдарыңдағы шарларын бір – бірлеріңе жақсы тілек айтқан сайын, үлкен тілек шарына айналды.
- Мінекей өзгеге денсаулық тілеп, жақсылық жасасаң өзіңе қайтып оралады екен.
- Балалар көңіл – күйлерің қалай, жақсы ма? (Иә)
- Ендеше балалар осы жақсы көңіл күймен оқу қызметімізді бастаймыз.
- Бүгінгі ашық оқу қызметіміздің тақырыбы «Мамандықтың бәрі жақсы» деп аталады. Осы мамандық иелері туралы танып білетін боламыз.
- Балалар сендер балабақшаға күнде келгенде қандай мамандық иелерімен кездесесіңдер?

- (Балабақша тәрбиешісі, тәрбиеші көмекшісі, балабақша бастығы, би үйретуші, саз жетекші ағай т.б.)
- Сендердің ата – аналарың қандай мамандық иелері екенін білесіңдер ма? (**Әр баладан жеке сұрау, жауабын тыңдау**)

Мамандықтың түрлері өте көп: Дәрігер, мұғалім , тәрбиеші, ұшқыш, құрлысшы, шаштараз, жүргізуші, аспаз , әнші, биші, журналист т.б көптеген мамандықтар бар. Мамандықтың жаманы жоқ, тек оны дұрыс таңдай білу керек. Қалаған мамандықтың иесі болу үшін еңбексүйгіштік пен білімділік қажет, үлкен өнер мен зор шеберлікті қажет етеді.

Слайд көрсету, жұмбақ жасыру, әңгімелеу, балалардан сұрау түсінік беру. Мектептің жүрегі , білімнің тірегі. (**Мұғалім- әріп үйретіп, білім нәрімен сусындататын абзал адам.**)

Сауықтырар сырқатты , жылы үнмен тіл қатты. (**Дәрігер- ақ қалатты абзал жан, адам баласының арашасы емдейді шипасын тигізеді.**)

Тікті әсем киімді, дүкенге әкеп ілінді. (**Тігінші - өрнектетіп, сәндетіп, киім – кешектер тігеді.**)

Зымыранды ерттеген, ай жұлдызды зерттеген. (**Ғарышкер- аспан әлемін зерттеуші**)

Өскен шашты жаратпайтын, қайшысы бар жалақтайтын. (**Шаштараз - бұл мамандық иесі адамдардың шашын қиып сәнін келтіреді.**)

Дабылға тез жететін, жалынға сүнгіп кететін. (**Өрт сөндіруші- төтенше жағдай болған кезде бірінші көмек келеді.**)

Бал татыған мәзір, ол бар жерде әзір. (**Аспазшы- дәмді тағам пісіретін маман иесі**)

Жалтылдап қалағы, салатын кім қаланы? (**Құрлысшы- зәулім ғимараттар, қабат - қабат үйлер салатын маман иесі.**)

Тұрады әркез сауда сатып, таразы, шотпен достасып (**Сатушы- дүкенге барған кезде бізге қажетті заттарымызды тауып , есептеп беретін маман иесі**)

Ол көлікті тізгіндейді, жол жөнекей қасынан жолаушы бір үзілмейді.

(**Жүргізуші - баратын жеріңе тез жеткізіп салатын, адамға қамқор болатын жан.**) - Міне

мамандық иесінің өзіндік ерекшелігі, әр маманның өзіне тиесілі жұмыстары мен шеберліктерімен ерекшеленеді. Сендер осы мамандық иелері туралы тақпақтар білесіңдер ма ? Кім айтады маған ?

Мамандық иелеріне арналған балалар тақпақтары

Біз – мұғалім , ұстазбыз ,
Игі істерге құштармыз.
Білім беріп шәкіртке,
Шақырамыз тәртіпке.

Біздер – малшы, егінші,
Шаруақор баламыз.
Ертең қолдар ел іші,
Нағыз фермер боламыз.

Біз – дәрігер, дәрігер.
Ауруды емдеп жазамыз.
Науқас келсе, әбігер,
Боламыз да қаламыз.

Біз – мұнайшы маманбыз,
Байлығына ел алаңбыз.
Жерге бұрғы саламыз,
Мұнай көзін табамыз

- Балалар сендер мына күнделікті келіп жүрген балабақшаларың, өздерің тұрып жатқан үйлерді салатын адамдарды , ауырып қалсақ емдейтін адамдар, киімдерімізді тігіп беретін адамдар, бізге білім беретін адамдар, шашымызды әдемілеп қиып беретін және тамақ пісіретін адамдар бар . Бұл адамдарды бір сөзбен айтқанда мамандық иелері дейміз.

- Балалар бағанадан бері сендер көптеген мамандық иелерінің еңбегімен таныстыңдар. Енді өздерің өскенде кім болғыларың келетінін айтатын кез келді. Сендердің кім болғыларың келетіндігін сендер мына суреттер арқылы таңдап, « Арман гүліне » іліп қойыңдар.

Осы таңдаған мамандықтарың бойынша дамытушы орталықтарға барып , сюжетті рольді ойындар ойнаймыз. Ойын кезінде қатты шуламаймыз, бір – бірімізге кедергі жасамаймыз. (**Ойынның мақсатын түсіндіру**)

Балалар өздері таңдаған мамандықтар бойынша педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін және құрылымдалған ойындарды ойнайды.

« **Емхана» ойыны. Мақсаты:** Ақ халатты абзал жандардың игілікті еңбегіне деген балалардың сүйіспеншіліктерін арттыру.

Шарты: Балаларды рөлдерге бөлу. Ойын барысында емханада шуылдауға болмайды, шу дәрігерге де, ауру адамға да бөгет екенін түсіну . Ойын барысында балалар бір – бірімен қарым – қатынасты нығайту барысында сыпайылықты, инабаттылықты, адамгершілік сезімдері оянады .

«Құрылысшы» ойыны. Мақсаты: Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.

Шарты: екі топқа әр түрлі тапсырма беріледі.

1- топ әр түрлі фигуралардан үйлер мен зәулім сарайлар құрастырады.

2- топ кюизенердің түрлі түсті есептеу таяқшалары арқылы үйлер мен өздерінің ұнаған ғимараттарын салады.

«Шаштараз» ойыны. Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаштың әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу. Балалардың достық қарым-қатынастарын, ұжымдық сезімдерін дамыту. Еңбекке деген сүйіспеншіліктерін арттыру. «Шаштаразға» кіріп, шаштарын алғызып, рахметін айтып ризашылық сезімдерін білдіреді.

«Дүкенші» ойыны. Мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.

Шарты: Балаларды рөлдерге бөлу: Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді.

«Аспазшы» ойыны. Мақсаты: Балаларды тағамның түрлерімен таныстыру. Оларға жасаудың қарапайым жолдарын түсіндіру. Асты қадірлеуге үйрету.

Шарты: ермек саздан түрлі тәтті күлшелер жасайды.

екі топқа бөлініп жұмыс жасайды.

Балалардың жасаған жұмыстарын бағалау.

(Топтарға бөлініп ойнау сәтінен)

Сергіту сәтін ұйымдастыру (Би қимылмен)

Балалардың ойлау қабілетін дамытуға байланысты суреттер беріп

«Сәйкестендіру әдісі» бойынша **« Кімге не керек?»** тапсырмасын орындау.

Шарты: суреттегі бірінші бағанда тұрған мамандық иелерінің суреттерін , екінші бағанадағы суреттердың тиістісіне жіппен қосып сәйкестендіру.

« Ыстық кеспе» әдісі. Балаларды екі топқа бөліп, дамытушы ортада жасаған жұмыстары туралы сұрақтар қою арқылы, оқу қызметін қорытындылау.

Қорытынды: Балалар бүгін біз не туралы өттік? (Мамандық туралы)

Қандай мамандық иелерімен таныстық ? (құрылысшы , дәрігер, сатушы , аспазшы, т.б.)

-Иә дұрыс айтасыздар, мамандықтар туралы толық мағлұмат алдық, оның еңбек екендігін білдік. Рольдерге бөлініп жақсы маман екендіктеріңді ойын

арқылы көрсете отырып, сендер өздерің еңбек жасадыңдар, мінекей қандай еңбек болсын , бәрінің өз мамандығы болады.

Мадақтау.ұлдызшалар беру.



Балаларға үш түрлі түсті

арқылы оқу қызметін қорытындылап бағалау.

Балалар сендер бүгінгі оқу « Бағдаршам» әдісі арқылы , өз – өздеріңе топтық бағалау жұмысын жасайсыңдар.

(**Қызыл түс** – Түсініксіз нашар орындаған,

Сары түс – толық емес , жартылай орындалған.

Жасыл түс – бәрі тамаша, өте жақсы)

байланыс.«Бағдаршам» әдісі арқылы.

смайликтер тарқатып беру



Кері

28.02.2025 ж № C00049

**Мектепке дейінгі ұйымда педагог-психологтардың
қызметін ұйымдастыру моделі**

ОРЫНБАСАРОВА ГҮЛАЙХАН ҚАПИЗОЛЛАҚЫЗЫ

*Атырау облысы, Махамбет ауданы,
Талдыкөл ауылы «Айналайын» бөбекжай
бақшасының педагог – психологі*

Семинардың мақсаты: педагог – психологтардың балабақшада баланың дамуын кешенді сүйемелдеуді; білім беру процесіне барлық педагог – психологтардың күш салуын үйлестіруді қамтамасыз ететін жұмыс нысандарын ұйымдастыру.

«Айналайын» бөбекжай бақшасында аудандық тәжірибе алмасу семинарын аудан көлемінде ұйымдастырдым. Балабақшамызға аудан балабақшаларының барлық психологтары және логопед мамандары қатыстырылды. Әріптестеріміз ұсынылған тақырыптар бойынша өз тәжірибелерімен толықтай бөлісті. Түрлі көрнекі құралдар АКТ арқылы көрсетіліп, тәрбиеленушілердің жасаған жұмыстары көрмеге қойылды.

Семинар жұмысы тренинг ойындар мен сергіту сәттерімен басталды. Алдымен өзім «Кел, танысайық!» тақырыбында тренинг жүргіздім. Мақсаты: қатысушылармен жақынырақ танысу арқылы жас мамандармен және әріптестерімізбен жақсы қарым – қатынас орнату. Түрлі көрнекі құралдар арқылы әріптестерге тапсырмалар берілді. «Жүректен жүрекке» әдісі бойынша бір – біріне әдемі лебіздерін білдірді.

Балабақшамызда әр түрлі мінезді, тез және дамуы кеш балалар да кездеседі. Олардың ішінде әлеуметтік жағдайлары да әр түрлі балалар тәрбиеленуде. Сонымен қатар толық отбасы және жартылай жетім отбасында өсіп жатырған балалар да көптеп кездеседі. Әрине, олардың барлығының психологиялық дамулары, ой – өрістері бірдей емес.

Топ балаларына барынша балабақшамызда бірдей көзқараспен, мейіріммен қарау мақсатында әріптестер арасында көптеген жұмыстар атқарылды. Алдымызға келген әр баланың амандығы, денсаулығы, қуанышты жарқын сәттері, қызыққа толы күндері үшін әрине біз де ата – анамен бірдей жауаптымыз. Дамуы, сөйлеуі, жүруі кеш балаларға ерекше мән беріліп, көптеген жұмыстар жөнінде біршама қажетті ақпараттармен бөлістік.

Өткізілген семинар арқылы қатысушылар бір – бірімен пікір алмасып, қызу талқылап, жұмыс барысында өз тәжірибелерінде пайдаланып, жақсы нәтижеге қол жеткізулеріне септігі мол болды.

Әр бала – жарық жұлдыз. Ата – ана мен педагогтардың бірлескен жұмысы арқылы барлық балалар жеке тұлға болып қалыптасары сөзсіз. Еліміздің кішкентай бүлдіршіндері яғни, біздің болашағымыз дарынды, ақылды, ой – өрісі дамыған, өз ойын еркін білдіре алатын, елін, жерін сүйетін тұлға болып қалыптасса, еліміздің болашағы жарқын болатынына сенімім мол.



28.02.2025 ж № C00058

Ғажайып математика әлемі

УРКЕНОВА ГУЛМИРА ИЗИМБЕРЕНОВНА

*Түркістан облысы Мақтаарал ауданы
Мырзакент кенті МКҚҚ
№ 11. Нұрбөбек бөбекжай бақшасының
Мектепалды "Балбөбек" тобының
тәрбиешісі*

Білім беру саласы: Таным, шығармашылық

Бөлімі: Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру.

Мақсаты: Геометриялық пішіндер туралы ұғымдарын тиянақтап, түстерді ажыратуға баулу. Балаларды дөңгелек, шаршы, үшбұрыш тәрізді геометриялық пішіндермен таныстыру, оларды ажыратуды үйрету; кеңістікте бағдарлау қабілетін қалыптастыру. Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, тәрбиелеу. Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: Пішіндер туралы дидактикалық ойындар ойнату.

Әдіс-тәсілдер: Пішіндерді ажыратып, түстерді айыра білуді, шарларды жару арқылы тапсырмаларды дұрыс орындай білуді үйрету. Геометриялық фигуралардың пішіндерін ажыратып, түстерін атауды көрсету. Геометриялық пішіндерден үй, машина жапсыру. Сұрақ-жауап.

Қажетті көрнекі құралдар: Геометриялық пішіндер: үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер, үй, машина бейнелейтін жапсырмалар, слайд, сиқырлы қалам (*интерактивті үйрену*).

Сөздік жұмыс: Көктем, үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер.

Үштілділік компонент: көктем-весна-spring(сприн), жасыл-зеленый-green(грин), қызыл-красный-red(ред), сары-желтый-yellow(елоу), ақ-белый-white(уайт), көк-синий-Blue(блу), үшбұрыш-треугольник-triangle(трайэнгл), төртбұрыш-квадрат-rectangle(ректангл), шеңбер-круг-circle(сүкл), пішіндер-фигуры-shapes(шейпс)

Сабақ барысы: балалар шеңберге тұрады. (*балалар жылулық шеңберіне тұрайық*)

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Қонақтармен амандасу Жылулық шеңбері: (Балалар қимылмен көрсетеді) Бала,бала балақан Кәне қайсы алақан ? Саусақтарың әйбат Былай-былай ойнат. Топ-топ басайық Жалаудан күн жасайық Жаса-жаса алтын күн Жаса-жаса алтын күн	Сәлеметсіздер ме? Здравствуйте? Good morning? Балалар қимылмен көрсетеді.
Ұйымдас тырушылық-ізденіс кезеңі	Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем айларын атайықшы. Көктемде ауа райында қандай өзгерістер болады? <i>Ғажайып сәт:</i> Қолында шарлары бар Буратино билеп кіреді. Буратино: -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Осы жер «Ғажайып білім әлемі ме?» Ия, Буратино дұрыс таптың, бұл жерде тек білімді балалар ғана болады. Буратино: Ендеше маған көмектесе аласыңдар ма? Мен жолда келе жатып, алтын кілтімді жоғалтып алдым, кім алып кеткенін білмеймін. Маған көмектесіңдерші. Кілтімді іздеп келе жатып, жолда ақ тиінді көріп едім, кілтіңді «Ғажайып білім әлеміне» барып, мына менің түрлі түсті шарларымның ішіндегі тапсырмаларын білімді балаларға, орындатсаң ғана алтын кілтіңді сол жерден таба аласың деді. <i>Еш уайымдама, Буратино!</i> <i>Қане балалар, Буратиноға көмектесеміз бе?</i> Буратино: Балалар, мен сендерге құр қол келген жоқпын. Өзіммен бірге түрлі-түсті шарларымды ала келдім. <i>-Жарайды, Буратино ендеше біз сіздің тапсырмаларыңызды орындауға көмектесейік</i> Балалар, бір жылда неше мезгілі бар? Кәне, атап шығайық көктем, жаз күз,қыс. Бұл	Көктем мезгілі. Наурыз, сәуір,мамыр Күн жылынады,қар ериді,ағаштар бүршік жарады,құстар ұшып келеді. Балалар таңырқай қарайды. Сәлеметсіз бе, Буратино Ия, көмектесеміз.

	шарлардың түсі де сол төрт мезгілді белгілейді. <i>Жасыл шарды көрсету.</i> Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді? Бұл жасыл түс, шөптердің түсі сияқты. Табиғат көктемде оянып, жер беті жасыл шөпке толады. Ағаштар бүршік жара бастайды. <i>Қызыл шарды көрсету.</i> Қызыл түс қандай жыл мезгілін білдіреді? Қай уақытта гүлдер қызыл түске боялады? <i>Сары шарды көрсету.</i> Бұл түс қандай жыл мезгілін білдіреді? Себебі күзде ағаштардың жапырақтары сарғайып жерге түседі. Жер беті сары кілемге ұқсайды. <i>Ақ шарды көрсетеді.</i> Мына шардың түсі қандай? Бұл түс қандай жыл мезгілін білдіреді? Қыста жер қандай болады? Балалар, шарлардың түстерін білдік, енді сиқырлы шарлардың ішінде не бар екенін білгілерің келе ме? Көне шарды кім жарады? Бір бала шығып шарды жарады. <i>Балалар бізге тапсырма берілген, егер осы тапсырманы дұрыс орындасаңдар біз Буратиноның алтын кілтін тауып беріп, оған көмектесе аламыз.</i> 1-тапсырма: «төртбұрыш» төртбұрыш-квадрат-rectangle(ректангл), - Неге төртбұрыш дейді екенбіз, қанекей төртбұрыштың қабырғаларын, бұрышын санайық. <i>(санайды)</i> Төртбұрыштың түсі қандай? көк-синий-Blue(блу), <i>Бір бала шығып екінші шарды жарады.</i> 2-тапсырма: <i>(үшбұрыш)</i> үшбұрыш-тригольник-triangle(трайэнгл), - Ал, үшбұрышты неге үшбұрыш дейді екенбіз, бұрыштар мен қабырғаларын санайық. Үшбұрыштың түсі қандай екен? сары-желтый-yellow(елоу), <i>Дұрыс айтасыңдар балалар, бұл үшбұрыш.</i> 3-тапсырма: <i>(шеңбер)</i> - Дөңгелектің <i>(шеңбер)</i> бұрышы бар ма? шеңбер-круг-circle(сүкл),	Балалар қызыға қарайды. Бір жылда төрт мезгіл бар. Көктем, жаз, күз, қыс. Көктем мезгілі Жаз мезгілінде Күз мезгілі Ақ Қыс мезгілін Қыста жер ақ болады. Бексұлтан келіп бір шарды жарады Балалар бірге бұрыштарын санайды. Үшбұрыштың қабырғаларын санайды. Дөңгелек, шеңбердің бұрышы болмайтынын айтады.
--	---	--

- дөңгелектің (шеңбер) түсі қандай? қызыл-красный-red(red).Пішіндер туралы слайд көрсетіледі. 4-тапсырма: Дидактикалық ойын: <i>«Заттар қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды» ойыны.</i> Тәрбиеші сурет көрсетеді. Содан соң балалардан ондағы заттардың атын атап беруді сұрайды. Әр затты соған келетін геометриялық пішінмен қосуды ұсынады. <i>Сергіту сәті</i> Біз кішкентай баламыз. Өніп-өсіп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз. Бір отырып, бір тұрып, Жаттығулар жасаймыз. Ендеше балалар өздерің бір пішінді таңдап ала қойыңдар. Кәне, пішіндеріңді жоғары көтеріп көрсете қойыңдар. Ал енді қарайық кім қандай пішін таңдады екен. Әр бала қандай пішінді таңдаса, сол баланың жан дүниесімен, мінез-құлқын білуге болады екен. Шеңберді таңдаған балалар-ол мейірімді бала. Үшбұрыш таңдаған бала-ол көшбасшы бала. Төртбұрышты таңдаған бала –ол еңбекқор бала. Балалар,барлықтарың сабаққа жақсы қатыстыңдар. Мінекей, Буратино бұл сіздің кілтіңіз біздің балаларымыз көптеген тапсырмаларды орындау арқылы сіздің кілтіңізді тауып берді. Буратино: Алақай, алақай енді менің кілтім табылды.Рахмет сіздерге балалар. -«Ғажайып білім әлемі» деген осы жер Буратино. «Ғажайып білім әлемі» ең бастысы бізге білім сыйлады. Біз бәріміз бірігіп, қызықты тапсырмалар орындалық, Буратиноға алтын кілтін табуға көмектестік. Буратино: Балалар сендерге көп-көп рахмет. Сендер маған алтын кілтті табуға көмектестіңдер, көптеген тапсырмалар орындадыңдар.	Балалар жауап береді: -Күн, сағат, дөңгелек, теледидар, доп, шырша, текше, сыйлық салынған қорап. Әр затты өзіне ұқсас геометриялық пішінмен сызық арқылы қосады. Сергіту сәті Қимылмен көрсетеді Әртүрлі пішіндерге жапсырылған кілтті балалар қолдарына алады. Балалар Буратиноның барлық тапсырмаларын орындап,өз білімдерін көрсетті. Сау болыңыз, Буратино
---	--

	Өмірде тек білімді емес, қайырымды балалар екендерінді көрсеттіңдер. Мен осындай балабақшада тапқыр, ақылды, білімді, балалардың барына қуанып тұрмын. Ендеше мен сендерге өзімнің сиқырлы таяғымды сыйлыққа тарту етемін. Сау болыңдар, балалар.	
Іс-әрекеттің бағалау кезеңі	-Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді? -Біз Буратиноға нені тауып беруге көмектестік? -Буратино бізге тапсырмаларды нені беру арқылы орындатты? Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар.Ендеше өздеріңнің көңіл-күйлеріңді мына смайликтермен көрсете қойыңдар. Балаларға сыйлықтар үйлестіремін. Қонақтармен үш тілде қоштасады.	Біз Буратиноға алтын кілтін тауып беруге көмектестік. Әдемі түрлі шарларды беріп тапсырмаларын орындатты. Балалар смайликтерін көрсетеді. Сау болыңыз.

Күтілетін нәтиже

Нені біледі: Пішіндерді ажыратып, түстерді айыра білді.

Қандай түсінікті игерді: Шарларды жару арқылы тапсырмаларды дұрыс орындай білуді игерді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Пішіндерден үй мен машина жапсыруды меңгерді,геометриялық пішіндердің үш белгісі-түсі мен көлеміне қарай салыстырады

28.02.2025 ж № C00059

Ойнайықта ,ойлайық!

ЗІКІРБАЕВА АҚМАРАЛ БАИГАРАҚЫЗЫ

Түркістан облысы Мақтаарал ауданы

мырзакент кенті МКҚК

№11 Нұрбәбек бөбекжай бақшасының

Ортаңғы «Балапан» тобының

тәрбиешісі

Бөлімі: көркем әдебиет, сауат ашу, математика, қоршаған ортамен танысу.

Тақырыбы: «Ойнайықта ,ойлайық!»

Мақсаты: Балалардың жыл бойы алған білімдерінің, үйренген жұмыстарының нәтижесін көрсетіп, балалардың сөздік қорын, тілін, ой-өрісін кеңейту. Ойлау қабілетін дамыту.

Көрнекі құралдар: Сандар, әріптер, әртүрлі көрнекіліктер

Күні:

Сынып/Топ. Мектепалды даярлық тобы

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Балалар бүгін біздің іс-әрекетімізге апайлар келді. Қане, балалар бәріміз апайлармен амандасайықшы Шаттық шеңбер: Тапсырмаға назар аударайықшы сандардың сыртқы бөлігінде сұрақтар жазылып тұр 1) әріп дегеніміз не? дыбыс дегеніміз не? 2) дыбыс нешеге бөлінеді? 3) 1-10 дейін өсу ретімен, кему ретімен санап бер. 4) «көктем туралы тактақ айту» 5) ертегілер елінде (өзі білетін ертегіні айтып әңгімелеп беру)	Көп қызық бар , әлемде, Құштар бол сен білімге, Ізден, оқы, жалықпа Білмегенді анықта Ойнайықта, ойлайық Кітаптарды оқиық Жеңістерге әрдайым Біліммен біз жетейік Балалар сандарды таңдап алып сұрақтарға жауап береді. Әріпті -оқимыз, жазамыз , көреміз. дыбысты-естіміз, айтамыз дауысты дыбыс, дауыссыз

Рефлексивті-түзетушілік	6)жаңылтпашты қайталау 7)мақал-мәтелдің жартысын айту. 8)жұмбақ есепті шеш: 9) сандарды салыстыру.(артық немесе кем,тең белгілерін қою арқылы жазу) 10) -Балалар сендер өз білім деңгейлерінді көрсеттіңдер жарайсыңдар,мен сендердің білімді балалар екендеріңе көзім жетті бір жыл бойы алған білімдерінді көрсеттіңдер,жарайсыңдар ! Мұғалім бастапқы сөзін айтады, оқушы ойланып жалғастырып айтуы керек. - Үлкендердің алдынан..... - Кішкене баланы - Құстарды - Қыз баланы..... - Сабақтан..... - Сыныпта..... «Не істеу керек?» (бұл да сол сияқты жүргізіледі) - Үлкен кісіні..... - Үлкеннің тілін..... - Үлкендерге..... - Кішілерді..... - Оқу құралдарын..... III.Мағынаны ашу. Суретпен жұмыс 1) Автобусқа мінгенде не істеу керек? 2) Үлкен кісімен қалай сөйлесу керек? 3) Мектепте, сынып ішінде қалай жүру керек? 4) Қонақ келгенде бала не істеу керек? 5) Телефонмен қалай сөйлесу керек?	дыбыс 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 10,9,8,7,6,5,4,3,2,1 -балалар көктем туралы тақпақтарын айтады. -балалар өздері білетін ертегіні айтып әңгімелейді. Көк тырна, Көп тырна Тыраулап тек, Көп тұрма. Отан-оттан да ыстық. Еңбек түбі-береке. Өнерлі-өрге жүзеді. Табакта 5 алма, Қолымда 2 алма Қосқанда барлығы Болады неше алма? 4 9,5 6 ,8 6,5 5,6 3,2 Санамақ айту. Апайлар сіздерге көп рақмет біз ойнай отырып, ойлауға қалыптастық бар Атам маған әманда, Әдепті жан бол деген. Ата сөзі санамда, Жасы үлкенге жол берем. Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз Бәріне де ізетпен, Біздер сәлем береміз (кесіп өтуге болмайды.) (жылатуға болмайды.) (атуға болмайды.) (ренжітуге болмайды.) (кешігуге болмайды.) (айғайлауға болмайды.) (сыйлау керек.)
---------------------------------------	--	--

	Балаларға жақсы көңіл-күймен мақал-мәтел айтқызу. Тыйым сөздер айтайық: Қортындылайды. Балаларды мадақтайды. Мына әдемі қорапшаның ішінде не бар екен,кәне ашып көрейікші. Қорапшаны ашып,оның ішінде жұлдызшалардың бар екенін көрсетеді. Балаларды мақтап,жұлдызшаларды жұлдыздай жарқырап жүріңдер деп әр балаға таратып береді. Орнымыздан тұрайық, Түзеу сызық құрайық. Көріскенше күн жақсы, Сау саламат болайық!	(алу керек..) (сәлем беру керек.) (қамқорлау керек.) (күтіп ұстау керек.) Сұрақтарға жауап береді,өз ойларын айтады. Балалар бір біріне жылы тілектер айтады. Әдепті-бала арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала. Әдептілік белгісі,иіліп сәлем бергені.Жақсыдан үйрен,жаманнан жирен. Үйге жүгіріп кірме,Құстың ұясын бұзба,Жалғыз ағашты шаппа.Суға түкірме,Гүлді жұлма,Үлкен кісінің алдын кесіп өтпе. Балалар жұлдызшаны алып қуанады. Балалар орындарынан тұрып өлеңді айтады
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек:Әдептілік туралы біледі.

Нені игереді:Мейірімді болу,тату-тәтті тұру,бір-біріне көмектесу.

Нені біледі:Сыпайылық,адамгершілік қасиеттер туралы іс-әрекет барысында алынған дағдылар.

28.02.2025 ж № C00060

Қазақстан - туған елім, ұлы өлкем!

БУХАРБАЕВА ЗАМИРА МЕНГЛИГАЛИЕВНА

*Түркістан облысы Мақтаарал ауданы
Мырзакент кенті МКҚК
№11 "Нұрбөбек" бөбекжай бақшасының
Мектепалды "Аққу" тобының
тәрбиешісі*

Мақсаты: Балаларға отанды сүйуге, қазақ елінің рәміздерін құрметтеуге, туған жеріне, ауылына, атамекеніне деген сүйіспеншілігін арттыру барысында саналылыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Керек құралдар: Қазақстанның мемлекеттік рәміздері, ұрандар, шарлар, буклеттер.

Күй: Қазақтың күйі орындалады

Құрметті қонақтар, Ұстаздар, құрметті ата - аналар, хош келдіңіздер! Қазақстанымыздың Тәуелсіздік арналған күн мерекесіне қош келдіңіздер. Бәрімізге де мейрам құтты болсын! . Енді құрметті қонақтар, Мектеп алды даярлық тобының « Қазақстан - туған елім, ұлы өлкем!» атты тәрбие сағаттын бастауға рұқсат етіңіздер.

Тәрбиеші: Балалар, Қазақстан Республикасы біздің туған жеріміз, туған еліміз, оны басқаша қалай айтамыз?

- Отанымыз.

Тәрбиеші : Отанды біз атамекен,
Деп аялап айтамыз.
Өйткені оны мекен еткен,
Бабамыз бен атамыз
Отанды жас кәріміз де,
Туған жер деп сүйеміз.
Өйткені онда бәріміз де,
Туып өмір сүреміз.
Отан деген – атамекен,
Отан деген- туған жер.
Отан деген- ана, Отан – үлкен,
Қазақстан – туған ел.

- Міне , балалар, Отан деген біздің сүйікті отбасымызбен бірге тұратын үйіміз, туған жеріміз, туған еліміз, аулымыз , қаламыз , айналаны қоршаған табиғатымыз

- Ендеше біздің республикамыз қалай аталады?

- Қазақстан Республикасы.

- Қазақстан қандай республика?

- Егеменді, тәуелсіз республика.

- Біздің елбасшымыз кім?

- Қасым Жомарт Токаев.

- Еліміздің астанасы қалай аталады?

- Бас қаласы Астана

- Республиканың қандай рәміздерін білесіңдер?

1 -бала: Ашық аспанды көгілдір туымыз бар.

2-бала: Айбынды Елтаңбамыз бар.

3-бала: Мағыналы Әнұранымыз бар.

Хор : Тура мойын бұрамыз,

Елтаңба деп тұрамыз.

Әнұран деп асқақтар,

Біздің елдің рәмізі.

Тәрбиеші: Балалар бүгін қандай мереке?

Балалар: Тәуелсіздік күні.

Тәрбиеші: -Дұрыс балалар, бүгін бізде үлкен мереке- «Тәуелсіздік күні» 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алды.

Егеменді ел болды. Тәуелсіздікдігіміз оңай жолмен келген жоқ. Қайсар батырларымыз Ләззат Асанова, Қайрат Рысқұлбеков ерлік көрсетті. Осындай жастарымыздың арқасында қазіргі кезде бейбіт тыныш өмір сүріп жатырмыз

Хор : « Тәуелсіз ел ұраны»

1 - бала: Егеменді Қазақстаным. (көркем сөз)

2 бала : Туған өлкем! (көркем сөз)

Тәрбиеші: Көрініс: «Тәуелсіздік деген не?»

Топ іші кілем,төсек,стол,домбыра макетімен безендірілген.

Қолында ұршығы бар әже келіп отырады. Қолында қамшысы бар бала атқа мініп ойнап жүреді.

Ол әжесіне жүгіріп келіп,мойнына асылып,еркелейді.

Бала: -Әже не істеп отырсыз?

Әже: - Ой құлыным,мен ұршық иіріп отырмын. Кел отыр,ойыннан шаршаған боларсың.

Бала: Айтшы , айтшы әжетай ? Осы «тәуелсіздік»деген не?

Әже: Құлыным-ау, «Тәуелсіздік» деген бұл үлкен әңгіме. Осы күнге жету үшін қазақ халқы талай қиыншылықты бастан кешірді. Қайсар, батыр аға-апаларымыздың арқасында егеменді ел болдық. Енді өзіміздің Туымыз, Әнұранымыз, Елтаңбамыз бар.

Бала: Әже, мен сізге тақпақ айтып берейін бе?

Әже: Айта ғой құлыным!

Бала: Күміс күй мен әнге толы тұла бой,
Қуанышқа кенелтеді асыл ой.
Шаттандырған бабасы мен баласын,
Тәуелсіздік күні бүгін- Ұлы той.

Әже: -Ой ақылдым, өркенің өссін! Туған еліңді, жеріңді қадірлей біл балам.

Тәрбиеші : Жарайсындар, балалар, енді біздің бүлдіршіндеріміз өздерінің тақпақтарын айтып берсін.

(балалар тақпақ айтады)

1 – бала :

Отаныңды сүйе біл,
Көңілге мұны түйе біл.
Туған жер деп өс жас қауым,
Оны ардақтап сүйе біл.
Сарқылмайтын қуатым,
Тірегімсің сен Отан,
Мәңгі соғып тұратын
Қазақстан туған ел!
Жаса, жаса Қазақстаным!

, атағың.

3- бала: Данасы мен батыры көп қазақпыз,
Көрген талай қияметті, азапты.
Қазақстан дейтін менің бар елім ,
Жатыр алып жарты дүниенің әлемін .
Отан дейміз от жаққан жерімізді
Отан дейміз өсірген елімізді.
Отан дейміз туған жер, атамекен ,
Биік тау, орман, тоғай, көлімізді.

4– бала : Атыңнан айналайын, егемен ел,
Тәуелсіз күнің туды кенеле бер.
Мерейің құтты болсын, Тәуелсіздік!
Ғасырдың тойы болшы келе берер

2 - бала:

Менің елім Қазақстан жүрегім,
Тек өзіңсің отан бақыт жүрегім .
Аман болып, тек тілегім ұрпаққа
Әлде болса менің тірегім.
Менің елім Қазақстан отаным,
Жырлап өзіңді әнге қосамын
Мәңгілікке қымбатсың туған ел
Арта берсін, обройың

5 – бала : Ардақтап анасын , құрметтеп данасын
Бауырға басқанбыз баршаның баласын,
Татулық , достықтың киелі бесігі,
Мейірбан Ұлы Отан , Қазақтың даласы !

6– бала : Бақытты ел – бұл Қазақстан.
Бәріне мен иемін,
Біздің Отан – Қазақстан.
Ұлы Отанды сүйеміз

7 – бала : Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу , неткен көркем !
Осы менің туған өлкем !

8 – бала : Ен даласын егін жапқан,
Бар баласы бақыт тапқан
Менің жерім, туған елім
Күн сәулелі Қазақстан

9 – бала : Жарық біздің күніміз,
Біз өмірдің гүліміз,
Қазақстан – жан Отан
Қазақ тілі – тіліміз!

10 - бала: Туыспыз біз бәріміз,
Бір Отанды сүйеміз.
Бақытты елде тұрған соң,
Бақытты өмір сүреміз.

Тәрбиеші : Бүгінгі мерекемізді жалғастыра отырып ортаға кішкентай
бүлдіршін қыз балаларымыздың ән өнерлерін тамашалауға шақырамыз.

Ән: «Біз бақытты баламыз »

Тәрбиеші : Бүгінгі мерекемізді жалғастыра отырып ортаға кішкентай
бүлдіршін балаларымыздың орындауында көрніс :

Жер - ана" әңгімесінен алынған көрніс қойлымын қабыл алыңыздар.

Көрніс : " Жер - ана"

Жүргізуші : Бейбіт бақша ішінің топырағын бей – берекет шашып, қопарып
ойнап жүр еді, өтіп бара жатқан бір қария

Қария : - әй балам, жерді мұнша неге қорлайсың?

Қайта қадірлеп күтпеймісің, ол сені асыраушы анаң ғой, - деді.

Жүргізуші : Балшықты анаң дегеніне аң – таң болған Бейбіт:

Бейбіт : - Менің анам үйде, ата – Зейнеп, - деді.

Қария : -Балам, онда сол Зейнеп анаңа айта бар, түсіндірер

Жүргізуші : Бейбіт үйге келді. Бейбіттің есіне қарияның айтқаны түсті.

Бибіт : - Апа , мана бір ата маған жерді босқа қопарма, ол да сенің анаң деді, ол не дегені?

Анасы : - Сен не дедің?

Берік : - Менің анам үйде дедім.

Анасы : - Балам – ай, неге осынша кір, балшық болып келгенінді енді білдім. Ол кісі саған дұрыс айтқан. Жер – бәріміздің анамыз. Онсыз тіршілік жоқ. «Жер - анамыз» дейтін себебіміз, - ішетін суымыз, жейтін нанымыз жердікі. Дұрыстап тыңда балам, тіпті адамға қажеттінің бәрі жерден өнеді. Қағаз, қарындаш, машиналарды жасайтын темірді де жер береді.

Мысалы ; жаңағы жеген қаймағың сиырдың сүтіннен алынды. Сиыр жердің шөбін жемесе, сүт бермейді. Сүт болмаса қаймақ қайдан келеді? Солай, балам содан туған жер- бәріміздің асыраушы анамыз

Тәрбиеші : Бүгінгі мерекемізді жалғастыра отырып ортаға кішкентай бүлдіршін ұл балаларымыздың ән өнерлерін тамашалауға шақырамыз.

Ән: «Қазақстан бақытты »

Тәрбиеші : Бүгінгі мерекемізді жалғастыра отырып ортаға кішкентай бүлдіршін қыз балаларымыздың би өнерлерін тамашалауға шақырамыз.

Би : «Қазақ биі»

Тәрбиеші : Балалар, бүгінгі мерекемізге арнап «Кім тапқыр?» ойымен жалғастырайық. Ойынның әр түрлі шарттары бар. Ұлдар тобы және қыздар тобы болып екіге бөлінейік.

1 – кезеңде : Отан туралы мақал-мәтелдер айтылады. Мақалды жалғастыру ойнын ойнаймыз.

2 – кезең : Қазақстан Республикасы табиғатының суретін құрастыру.

3- кезең : «Адасқан әріптер» әріптер бойынша «Отан» , «Атырау», «Нұрастана», «Қазақстан» ,

Хор : « Көк тудың желбірегені »

Тәрбиеші :

Балалар, мінекей, Тәуелсіздік деген ешкімге тәуелді болмай, өз алдына дербес мемлекет құру дегенді білдіреді. Күніміз жарқырай берсін, егемен елдің болашақ ұрпақтары, сіздер жақсы оқуға, әр күніміз ашықта жарық болсын.

Құрметті ұстаздар, ата - аналар осымен біздің тәрбие сағатымыздың мақсаты, балаларға отанды сүйуге , қазақ елінің рәміздерін құрметтеуге , туған жеріне , ауылына , атамекеніне деген сүйіспеншілігін арттыру барысында саналылыққа , ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында өткізіліп жатқан шара

« Қазақстан - туған елім, ұлы өлкем! » атты тәрбие сағатымызды аяқтаймыз. Күніміз нұрлы, аспанымыз ашық болсын

28.02.2025 ж № C00061

СЕН ӨЗГЕРСЕҢ, СЕНІҢ ӘЛЕМІҢ ДЕ ӨЗГЕРЕДІ

ЖОЛАХАЕВА ГУЛЬНАЗ СЕРИКБАЕВНА

Түркістан облысы Мақтарал ауданы

Мырзакент кенті МКҚК

*11 "Нұрбөбек" бөбекжай бақшасының
педагог-психологы*

Мақсаты: Педагогтардың көңіл-күйлерін көтеру, жағымды қарым-қатынас орнату.

Қажетті құрал – жабдықтар : стикер, қағаз бен қалам.

Психологтың кіріспе сөзі: Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Бүгінгі мақсат – айналамыздағы адамдарымызбен қарым – қатынасымыз қандай, олар кімдер, біз кіміз, өз – өзімізді жақсы тани аламыз ба деген сұрақтарға жауап іздеп, тұлғаның даму көзқарасын анықтау. Психолог қызметін жүрек қалауымен таңдап еңбек етіп жүрген мамандарға, көңіл – күйлеріңізді көтеруге, бір – бірімізбен сыйластық қарым – қатынаста болуға, стресстен арылтуға арналған «Сен өзгерсең, сенің әлемің де өзгереді» атты психологиялық тренингке ұйымшылдықпен қатысуға шақырамыз. Ендеше сіздерге сәттілік тілей отырып, тренингімізді бастаймыз.

1. Сәлемдесу «Бір шындық, бір өтірік » жаттығуы

Жүру барысы: Қазір біз өзіміз бір шындық пен бір өтірік өз ойымызды айтамыз.

Мысалы: Мен мұғаліммін және де менің ұшағым бар. Өз ойымызды еркін болжамсыз жеткізуіміз қажет.

Талдау: Шындық бұл біздің қазіргі іс – әрекетіміз, қазіргі біздің бейнеміз, ал бұл біздің арманымыз, өз қиялымыздың жүзеге асуын қалап жүрген ойларымыз»

Сіздің ойыңыз қалай?

2. «Капитан» сергіту жаттығуы

Мақсаты: Көңіл – күйді көтеру, жағымды жағдай туғызу.

Көңіл – күйлеріңіз қалай? Ендеше осы көңіл – күйлеріңізді одан да жоғарылату мақсатында сіздермен ойын – жаттығу жүргізбекшімін. Сіздер өз майталманысыздар. Белгілі бір ұжымның, отбасының капитанысыз.

Сондықтан сіздермен бірге «капитан оқиғасы» ойынын жүргіземін. Ойынды ойнамас бұрын шартымен таныс болайық.

1. Капитан деп белгі берілген кезде барлығымыз емін – еркін капитан болып жүреміз.

2.

Теңізші деген кезде екі адамнан жұптасып, еден жуушының бейнесін көрсетеміз.

3. Қайық деген кезде екі адам қайық, бір адам ескек есуші болады.
4. Түскі ас дегенде төрт адамнан жұптасып, бір дастарханның үстінде түстеніп отырған отбасы мүшелерін көрсету.
5. Кеме деген кезде 3 адам кеме, бір адам капитан болады.
6. ұстаған кемелеріңіз айлы толқын теңіз үстінде өз бағыттарын мәңгі түзу табуыңа тілектеспін.

Жаттығу соңында барлығыңыз алып кемеңіздің капитаны болдыңыздар. Сіздер әрқашанда беделді, сыйлы болыңыздар. Сонымен бұл арқылы мен сіздердің адамның шапшаңдығын, белсенділігін, қарым – қатынасын байқатады.

3 – жаттығу: Сергіту-жаттығуы. «Мейірімді жануар»

Жүргізуші: Қатысушылар, біз сендермен топ ұйымдастырып отырмыз. Өзімізді бір бүтін топ ретінде сезіну үшін «Мейірімді жануар» жаттығуын ұсынамын. Шеңбер жасап бір-біріне иық тіресіп, қолдарыңнан ұстаңдар. Жануарлар дем алады. Бір қадам алға аттап, дем аламыз, бір қадам артқа аттап, дем шығарамыз. Жануарлардың жүрегі соғады. Екі қадам алға, екі қадам артқа адымда. Рахмет.

4 – жаттығу: «Ыстық картоп» ойыны

Мақсаты: Қатысушылардың көңіл – күйлерін көтеру.

Қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Алдын – ала дайындалған сұрақтар қағазға жазылып, дөңгелек пішінде умаждап, ыстық картоп дайындаймыз.

Қарқынды әуен қосылады да, қатысушылар ыстық картопты жылдам бір – біріне береді. Әуен тоқталыған кезде ыстық картоп жылдам бір – біріне береді. Жылдам жауап беруі тиіс.

Бүгінгі көңіл – күйің?

Сенің сүйікті тағамың?

Сенің хоббиің?

Спорттың қай түрін айтасың?

Жылдың қай мезгілін ұнатасың?

Қай түсті ұнатасың?

Сүйікті әнің?

Саған ұнайтын кино?

Сүйікті әншің?

Рефлексия тренингтен алған әсерлерің бөлісу.

1. Капитан деп белгі берілген кезде барлығымыз емін – еркін капитан болып жүреміз.
2. Теңізші деген кезде екі адамнан жұптасып, еден жуушының бейнесін көрсетеміз.
3. Қайық деген кезде екі адам қайық, бір адам ескек

есуші болады. 4.Түскі ас дегенде төрт адамнан жұптасып,бір дастарханның үстінде түстеніп отырған отбасы мүшелерін көрсету.

5. Кеме деген кезде 3 адам кеме, бір адам капитан болады. Сіздер ұстаған кемелеріңіз айлы толқын теңіз үстінде өз бағыттарын мәңгі түзу табуыңа тілектеспін.

1.Капитан деп белгі берілген кезде барлығымыз емін – еркін капитан болып жүреміз. 2.Теңізші деген кезде екі адамнан жұптасып, еден жуушының бейнесін көрсетеміз.

3.Қайық деген кезде екі адам қайық, бір адам ескек есуші болады.

4. Түскі ас дегенде төрт адамнан жұптасып,бір дастарханның үстінде түстеніп отырған отбасы мүшелерін көрсету.

5.Кеме деген кезде 3 адам кеме, бір адам капитан болады. Сіздер ұстаған кемелеріңіз айлы толқын теңіз үстінде өз бағыттарын мәңгі түзу табуыңа тілектеспін.

1.Капитан деп белгі берілген кезде барлығымыз емін – еркін капитан болып жүреміз.

2.Теңізші деген кезде екі адамнан жұптасып, еден жуушының бейнесін көрсетеміз.

3. Қайық деген кезде екі адам қайық, бір адам ескек есуші болады.

4.Түскі ас дегенде төрт адамнан жұптасып,бір дастарханның үстінде түстеніп отырған отбасы мүшелерін көрсету.

5.Кеме деген кезде 3 адам кеме, бір адам капитан болады. Сіздер ұстаған кемелеріңіз айлы толқын теңіз үстінде өз бағыттарын мәңгі түзу табуыңа тілектеспін.

1.Капитан деп белгі берілген кезде барлығымыз емін – еркін капитан болып жүреміз.

2. Теңізші деген кезде екі адамнан жұптасып, еден жуушының бейнесін көрсетеміз.

3. Қайық деген кезде үш адам қайық, бір адам ескек есуші болады.

4. Түскі ас дегенде төрт адамнан жұптасып,бір дастарханның үстінде түстеніп отырған отбасы мүшелерін көрсету.

5.

Кеме деген кезде 3 адам кеме, бір адам капитан болады. Сіздер ұстаған кемелеріңіз айлы толқын теңіз үстінде өз бағыттарын мәңгі түзу табуыңа тілектеспін

28.02.2025 ж № C00066

Киригами ашықхаты

ЖАРКИНБАЕВА КУНИМЗАДА КАНАЛБЕКОВНА

Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

№19 Д. Қонаев атындағы мектеп гимназиясы.

Бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Бейнелеу өнері		
Бөлім:		Сәндік қолданбалы өнер.		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 2		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		№ 25 сабақ Киригами ашықхаты».Пішіннің өзгеруі.		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		2.3.6.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және сипаттау ,дизайн құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру		
Сабақтың мақсаты		Шағын формаларда жобалау әдістерін зерттеу. Форманың өзгеруін зерттеу.		
Құндылықтар		Сабақ құндылығы: Жасампаздық пен жаңашылдық айы. Апта дәйексөзі: Жаңашылдық заман талабы.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Ұйымдас тыру Өзін-өзі тексеру Өткен	Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі,оқушыларды түгендейді. Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық ахуал	Психоло гиялық ахуалға берілген өлең	Жарайсың дар	

білімді еске түсіру Жаңа білім	калыптастыру: Мейірімді жүрекпен Ақпейілді тілекпен Амандасып алайық Бір жадырап қалайық. (Ұ) «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ойқозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. Жаңа тақырып: «Киригами ашық хаты» тақырыбы туралы түсіндіру. Киригами бұл оригами сияқты, бірақ қағазды бүктеудің орнына қағазды қию арқылы орындалады, желім қолданылмайды. Америка Құрама Штаттарында «Киригами» терминін Флоренция Темко ұсынды, жапон тілінен аударғанда, «кири» – «қи», «ками» – «қағаз» дегенді білдіреді. Киригами – қағазды қию өнері. Әдетте киригами бүктелген негізгі беттен басталады, содан кейін бүктеулері жазылып, қиып алынады да, тегістеліп, дайын киригами жасалады. Қарапайым киригами әдетте симметриялы болады. Жұмыс бастар алдында заттарымызды түгендейміз.	шумақта рын мұғалім мен бірге қайтала йды. Сұрақта рға жауап береді. Кезкелг ен түстегі қағазды алып, тігінен тең екіге бүктейді Содан соң екі жағын ортасын а қарай бүктеп, екі қырын теңестір еді.	 Киригами ашық хаты. Дескрипто ры: Оқулықтағ ы берілген тапсырман ы дұрыс орындайд ы. «Киригами » ұғымын түсінеді. Жұмыс істей алады. Сұрақтарғ а жауап береді. Тапсырма ны орындайд ы. «Аралдар картасы» әдісі арқылы өз ойларын айтады	 
--	---	---	--	---

Бекіту Кері байланыс	Керекті құрал-жабдықтар: түрлі түсті қағаз, желім, қайшы, қағаз, сызғыш, қарындаш. Киригами тәсілімен ашықхат жасаймыз. Кез келген түсті қағазды аламыз. Алдымен қағазды тігінен екіге бүктейміз. Содан соң екі жағын ортасына қарай бүктеп, екі қырын теңестіреміз. Жоғарғы бөлігін іштен сыртқа қарай қиғашынан бүктейміз. Аударып алып, үстіңгі кішкене бөлігін көлденен бүктеп, қайта аударамыз. Екі шеткі қырын ішке қарай қиғашынан бүктейміз. Астыңғы бөлігін жоғары бүктеп, ерлер көйлегінің жағасы тәрізді, астыңғы бөлігін қыстырамыз. Келесі кезекте түрлі түсті қағаздың үштен бір бөлігін алып, қиғашынан екі жағын теңестіреміз. Екі шетінен тартып, ортасына қарай бүктейміз. Аударып, үстіңгі бұрышын екі бүктеп, ұшын жоғары қаратамыз. Аударып, екі шетін ортасына бүктейміз, тағы да дәл ортасына бүктеп, үстіңгі үшкір бөлігін қайырып, галстук тәрізді қағаз көйлегімізге тағамыз. Осылайша әкелерімізге арналған құттықтау ашықхаты дайын. Үйге тапсырма:	Сұрақтарға жауап береді Келесі кезекте түрлі түсті қағаздың үштен бір бөлігін алып, қиғашынан екі жағына теңестіреді. Қағаздан қиып киригами ашықхатын жасайды. Үй тапсырмасын алады Кері байланыс жасайды	Жарайсыңдар!  Дескрипторы. Оқулықтағы берілген тапсырманы дұрыс орындайды. «Киригами» ұғымын түсінеді. Жұмыс істей алады. «Аралдар картасы» әдісі арқылы өз ойларын айтады Бағдаршам әдісі.	  Кері байланыс парағы
------------------------------------	--	---	--	---

МАЗМҰНЫ

- БУЙЕНБАЕВА ХАБИЗАТ БЕЙБИТХАНОВА
- ОРЫНБАСАРОВА ГҮЛАЙХАН ҚАПИЗОЛЛАҚЫЗЫ
- УРКЕНОВА ГУЛМИРА ИЗИМБЕРЕНОВНА
- ЗІКІРБАЕВА АҚМАРАЛ БАИГАРАҚЫЗЫ
- БУХАРБАЕВА ЗАМИРА МЕНГЛИГАЛИЕВНА
- ЖОЛАХАЕВА ГУЛЬНАЗ СЕРИКБАЕВНА
- ЖАРКИНБАЕВА КУНИМЗАДА КАНАЛБЕКОВНА